

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Батыс Қазақстан облысының әкімдігі  
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті

Министерство образования и науки Республики Казахстан  
Акимат Западно-Казахстанской области  
Западно-Казахстанский государственный университет им. М.Утемисова

Ұлы Отан соғысының ардагері, тарихшы – ғалым, ұстаз  
Х.Ж.Сүйіншалиевтің 90 жылдық мерейтойына арналған  
**«Ұлы Отан соғысы: тарихы, тәжірибесі  
және жанаша пайымдау»**  
атты республикалық ғылыми-тәжірбиелік конференция материалдар  
жинағы



Сборник материалов по итогам  
республиканской научно-практической конференции  
**«Великая Отечественная война:  
история, опыт и современное осмысление»**,  
посвященной 90-летию ветерана Великой Отечественной войны, историка-  
ученого Х.Ж.Суйншалиева

## ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ –ОТАНШЫЛДЫҚ БАСТАУЫ

Муталова Д.С.

Қазіргі таңда патриотизм тақырыбы, оның ішінде қазақстандық патриотизм мәселесі барлық қоғамдық, мемлекеттік, саяси мәдени-рухани тақырыптардың өзегіне айналууда. Өз халқының өнегелі жақтарын білу, өз елінің кешегі және бүгінгі қаһармандарын мақтаныш ету, олардың ерлігіне тағзым ету, оларға сай болу патриотизмнің басты құрамдас бөлігі болып табылады.

«Патриотизм» сөзі гректің «патриотис» – «отандас» сөзінен шыққан. Патриотизм – тарихи, әлеуметтік ұғым. Патриоттық идея, отаншылдық сезім – адамға туа біткен қасиет емес, ол бірте-бірте адамның саналы өмірімен бірге қалыптасатын саяси – әлеуметтік құбылыс. Патриоттық сезім – жалпы адам баласына тән сүйіспеншілікпен туған қасиет, оның еліне, туған жеріне, өз ана тілі мен мәдениетіне, ұлттық құндылықтарына жеке қатынасын, өзіндік бағасын, қуаттап – қолдауын пайымдайтын сезім көрсеткіші.

Патриотизм – өте күрделі ұғым. Бір жағынан ол ізгілікті саяси үрдіс, яғни жеке тұлғалық, қоғамдық сана элементтерінен тұрса, екінші жағынан, Отанды қорғауға, сақтауға, нығайтуға бағытталған сезімнен тұрады. Қазақстандық патриотизмнің қайнар көзі – халықтың береке бірлігінде, ынтымақ – ықласында, елдігі мен ерлігінде және мемлекетіміздің күш – қуатының беріктігі мен ұлан байтақ жерінің біртұтастығында.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев 2050 стратегиясында Қазақстандық патриоттық, азаматтық сезімін тәрбиелеу – білім берудің мектепке дейінгі жүйесінен, жоғары оқу орнына дейінгі орталықтарда, барлық ұйымдарда көкейтесті екендігін баса айта келе, балаларды отанды, туған жерді, өзінің халқын сүйуге тәрбиелеу – әрбір қоғам мүшесінің аса маңызды, аса жауапты да қадірменді парызы екендігін көрсетеді.

Тарихқа кеткен есеміздің орнын пайымдаудың ең бір жанды тетігі - бүгін мен болашақ ұрпақ бойына отаншылдық сезімін орнықтыру болса, бұл ретте отаншылдық – ең алдымен білім мен тәрбиенің тұғыры болмақ. Тәрбие үрдісі – диалектикалық құбылыс, ол өмірде кездесетін себептерге байланысты дамып, өзгеріп отыратыны мәлім. Сондықтан, әрбір оқу орны – мемлекеттің шағын заңды бөлшегі, әрбір бала – қоғамның дербес мүшесі. Мемлекеттің бүгінгі даму саясатындағы басты бағдары – азаматтық қоғам құру идеясын мектептегі тәрбие жүйесінің өзегіне айналдырған жағдайда ғана мемлекет пен қоғамның қажеттілігіне сай адам ресурстарын – өз елі үшін мақтаныш сезімдері қалыптасқан, өз елінің мүддесін қорғау жөніндегі азаматтық борыш пен конституциялық міндеттерді орындауға дайын патриот тұлғаларды тәрбиелеуге қол жеткізу. Мектептегі әрбір баланы елдің ертеңгі тұтқасын ұстайтын келешек отансүйгіш азамат деп қана емес, ол бүгінгі сәттен бастап-ақ өзінің және

айналасындағы өзгелердің өмірін, білім мен тәрбие алуын, құқығын, міндетін, т.б құндылықтарды реттей алатын белсенді тұлға деп тануымыз керек.

Бүгінгі өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие беру жұмысының аясын кең көлемде қарастыру жөн, соның ішінде отбасылық, қоғамдық қатынастар арқылы рухани – адамгершілік құндылықтарға тәрбиелеудің маңызы ерекше. Біздің еліміз тәуелсіздік алған жылдардан бері өзіндік даму жолымен, жеткен жетістіктерімен басқа елдерге үлгі – өнеге болып отырғандығы айқын. Мұндай жетістіктерді тәрбиенің құралы ретінде үнемі пайдаланып отыру – бүгінгі жас өскіндердің өз еліне деген сүйіспеншілік сезімдерін қалыптастыра отырып, ұрпақтың патриоттық сана – сезімінің дамуының негізі.[1]

Жалпы патриоттық тәрбие мен сезімнің қай-қайсысының болсын қалыптасуы отбасы тәрбиесінен бастау алады. Сондықтан халқымыздың қаһарман, батыр ұлы Б.Момышұлы сынды аға-апаларымыздың т.б пікіріне сүйене отырып, отбасында патриотизмге тәрбиелеуге, ана тілін үйретуге, ұлттық мінез-құлық қалыптастыруда, ұлттық-салт дәстүрлерді сақтауға, шыққан ата-тегің үйретуге және білуге, халқына сүйіспеншілікпен қарауға баулуымыз орынды. Ғалым Қ.Жарықбаев: «Отан сүйгіштік – кісінің бойындағы күш-қуатын, білімі мен тәрбиесін халық мүддесіне оның игілігіне жұмсауы, яғни, адамның кір жуып кіндік кескен жеріне білдіретін перзенттің борышы, оның кісілігін танытатын ерекше асқақ сезімі», - дейді.

Біздіңше, патриоттық тәрбиенің – өлшемдік сапалық белгілеріне мыналар еңбек:

Өзін-өз мемлекетінің азаматы ретінде санау;

Мемлекеттік рәміздер мен дәстүрлерді қастерлеу;

Қазақ халқының тарихын бағалайтын орнықты көзқарасының болуы;

Қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрлерін түсіну;

Патриоттық тәрбие – мыңдаған жылдар дәуірімен баянды етілген аса терең сезімдердің бірі. Демек, Қазақстандық патриотизм – өзінің егеменді Отанын шексіз сүйіп, оған өмірінің ақырына дейін берілу сезімі, Отанның абыройы мен бостандығын және тәуелсіздігін сақтау деген сөз. Қазақтың патриоттық сезімі, азаматтық тәрбиесі бабадан ұрпаққа берілген ұлттық сезіміне негізделіп, халқымыздың өз Отанына шын берілгендігінде, адалдығында, елімізде тұратын барлық ұлттардың достық, ынтымақтастық негізінде жүрді.

Қазіргі таңда «елім», «жерім», «Отаным», «Қазақстаным» деп отанды бәрінен биік санайтын жастарды тәрбиелеу басты міндет болып табылады. Қазақтың патриоттық, азаматтық тәрбиесі – тереңнен тамыр тартқан, халқымыздың сан ғасырлық болмысының, дүние танымының, ақыл – ойы мен салт – дәстүр мәдениетінің көрінісі. Міне, осы қасиеттерді бойға дарытпай тұрып келер ұрпақты патриоттық, отан сүйгіштік тәрбиеге лайықты қалыптастырып, алтын бесік елін, кіндік қаны тамған жерін қорғайтын және осы мақсат жолында бар күш – жігерін, ақыл – қайратын жұмсайтын отаншыл азаматтарды, яғни нағыз патриоттарды тәрбиелеп өсіру мүмкін емес.

«Отан от басынан басталады», десек те сол отанды сүйу, отанға адал қызмет етуге үйрету кейде отбасында да дұрыс насихатталмай жататын сияқты. Отанды сүйуге тәрбиелеу тек қана отбасындағы насихатпен шектелмеуі керек, осындай маңызы зор мәселемен балабақшада, мектепте, жоғары оқу орындарында үйретіліп, дұрыс түсіндіріліп отырылуы керек.

Отаншылдық сезімді қалыптастырудың бір шарты – халық пен мемлекет арасындағы өзара сенімді нығайту «Береке басы – бірлікте», «Бірлікте болсаң – билікте боласың» деген дана халқымыз. Ата-бабамыз – Отанға деген пәк сезімнен өршіл патриотизмнен әсер алған жандар. Бір сөзбен айтқанда, елінің, жерінің өткенін сезінбей, оның ерлікке, адамгершілікке толы тарихын, өнерін жете ұғынбай отаншылдық сезімді ояту мүмкін емес. Сондықтан да өткен тарихты объективті тұрғыдан саралап зерделеуге ұмтылу – заман талабы.

Қазіргі кезде жоғары оқу орындарында тәрбие беру мәселесіне жанаша көзқарас тұрғысынан қарауды және жастардың патриоттық сана-сезімін, мінез-құлқын қалыптастыруды көздейтін тәрбиенің формалары мен әдістерін жетілдіруді талап етеді. Бүгінде байсалдылық, табандылық, батылдылық, батырлық, қайсарлық туралы білім ғана емес, өнегелік, тәрбиелік көрсету қажет болып отырған уақытта аса маңызды.

Егеменді мемлекет үшін патриотизм маңызды құндылыққа жатады. Әсіресе, жастарды отан сүйгіштік рухта тәрбиелеу қыр-бедері көп ауқымды міндеттерді қамтиды. Патриоттық сананы қалыптастыруда Қазақстанның өзіндік ерекшеліктерін ескеру қажет. Сонымен, отансүйгіштік саяси сезім ұлтжандылықты қажет етеді. Ұлтжандылық қазақтың ұлттық идеясының саяси астарын құрастырады. Онда ұлтжандылық деп туған халқыңды, ұлтыңды сүйу, атамекеніңді аялап, еліңнің тілін, мәдениетін, әдебиетін, тарихын, біртуар аяулы

перзенттерін мақтан тұту, ата-бабаның салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, кастерлеу . Ұлтжандылық - отаншылдық қасиетпен тығыз байланысты. Қазақстан бұл — біздің Отанымыз туған жеріміз, өз еліміз. Ұлтжандылыққа саяси тәрбиелеу дегеніміз өз елін көзінің қарашығындай қорғауға дайын жас азаматтарды қалыптастыру. Қазақ халқы бекерден-бекер "Отан отбасынан басталады" деп айтпаған. Ата-анасы мен жақын туыстарын сүймеген жастың ел-жұртың, халқы мен ұлттың сүйетін толыққанды азамат болуы екі талай .

Біздің ата-бабаларымыз Алтайдан Атырауға, Еділ мен Жайыққа дейінгі ұлан-ғайыр мол жерді талай ғасырлар бойы басқыншы жаудан қорғап бостандық пен тәуелсіздік жолында шыбын жанын пида етті. Сондықтан да біздер халқымыздың қас батырлары Қабанбай мен Бөгенбайды, Исатай мен Махамбет, Кенесары мен Наурызбайды, Қасым хан мен Абылай ханды қадір тұтып қастерлейміз. Олардың халқы үшін қалтқысыз қызмет еткенін үлгі-өнеге етеміз. Қазақ халқының патриоттық сезімінің қандай жоғары болғанын Ұлы Отан соғысы кезіндегі Т.Тоқтаров, А.Молдағұлова, М.Маметова, Қ.Доспанова, Р.Қошқарбаев, Б.Момышұлы сынды батырларымыздың ерліктерін үлгі ете отырып, ұлттық рух тәрбиелеу керек.

Адамзат тарихында Жеңістер көп. Бірақ солардың ішінде мән-маңызы жөнінен шоқтығы биігі - Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс. Биыл осынау Ұлы Жеңіске 70 жыл толып отыр. Халқымыздың бұл жеңіске қосқан үлесі жас ұрпақ үшін Қазақстан тарихында үлгі-өнегеге толы жарқын беттердің бірі болып табылады. Фашистік Германияны жеңу үшін қазақстандықтардың қосқан үлесін, олардың орны толмас шығынын естен шығаруға болмайды.

1418 күн мен түнге созылған Ұлы Отан соғысы халқымызға төнген ең ауыр кезең болды. Сол кездегі Кеңес жауынгерлері өз жері, отаны үшін, келешек ұрпақ үшін жан қиды, кескілескен соғыстар жүргізді. Кеңес халқымен бірге жауды талқандап, қазақ халқы да жеңісті жақындата түсуге өз үлестерін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Москва мен Ленинград үшін, Сталинград түбінде, Курск доғасында, Днепр өткелінде болған ұрыстарда өшпес ерліктер көрсетті. Сонымен бірге Украинаны, Белоруссияны, Кавказды, Қырымды, Прибалтиканы қорғап, Польша, Румыния, Венгрия, Чехославакия, Болгария, Германия жерлерін фашистік езгіден азат етті. [2]

1941-1945 жылдары ұрыс даласындағы қаһармандығы, батырлығы үшін марапатталғандардың ішінде 99 мың қазақстандықтар бар. 500 дей қазақстандық Кеңес Одағының батыры атағын алған, соңғы деректер бойынша оның 103-і - қазақ. Әлікбай Қосаев, Сұлтан Баймағамбетов, Нұркен Әбдіров, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова, Қарсақпай Сыпатаев, Боран Нысанбаев, Төлеген Тоқтаров, Қасым Қайсенов, Бауыржан Момышұлы, Талғат Бегилдинов сияқты хас батырлардың аттары аңызға айналды.

Батыс Қазақстаннан соғыс жылдары Кеңес әскері қатарына 76 мыңнан астам адам алынды. Орал қаласында 152 және 101 атқыштар бригадасы жасақталды. Облыста 1300 төсектік 3 госпиталь ұйымдастырылды. Өңір экономикасы соғыс жағдайына лайықталып қайта құрылды. Зауыттар мен фабрикалар әскерге қажетті өнімдерді беруге бейімделді. Орал ет комбинаты ет консервісін өндіруді 4 есеге арттырды. Облысқа Ленинградтан, Мәскеуден, Киевтен, т.б. қалалардан 47032 адам және 14 кәсіпорын көшіріліп әкелінді. [3]

ҰОС жылдары Қазақстанның аумағында тікелей әскери іс-қимылдар өтпегенімен Батыс Қазақстан Сталинград майданының (17 шілде 1942- 2 ақпан 1943 жыл) ең жақын тылына айналды және Жәнібек, Сайқын, Шоңай теміржол стансалары неміс ұшақтарының бомбалауларына ұшырады. Майдандағы ерліктері үшін Батыс Қазақстандық 41 жауынгерге Кеңес Одағының Батыры, 6 жауынгерге Даңқ орденінің толық иегерлері деген құрметті атақ берілді. Сұрапыл соғыстарда ерлік көрсеткен Кеңес Одағының батырлары Есен Орақбаев, Ерденбек Ниетқалиев, Николай Чуриков, Павел Садамсков, Андрей Тихоненко, Алексей Чурилин, Темір Масин, Михаил Абдолов, Ахмедияр Құсайынов, Садық Жақсығұлов т.б. есімдері жас ұрпаққа үлгі - өнеге.

Әр кезеңде біздің университетімізде қызмет атқарған соғыс және тыл ардагерлерінің есімдерін мақтанышпен атауға болады. Олар соғыс ардагерлері - Әзекен Кәрімұлы Бірімжаров, Елена Захаровна Голованова, Алесандр Федосеевич Кирпичев, Иван Иванович Нефедов, Қисмет Қапанұлы Қапанов, тыл ардагерлері - Әмірхан Өтенұлы Қарасаев, Шангерей Хамитұлы Даулетяров, Леонтий Михайлович Горбов, Ким Ғұсманұлы Ахметов және т.б.

Еліміздің даңқын да сонау сорапыл соғыс жылдарының өзінде еселеп арттырған аяулы жандарымыз аз емес. Солардың бірі, әрі бірегейі – «қазақтың қанатты қызы» атанған тұңғыш әскери ұшқышы, Халық қаһарманы - Хиуаз Доспанова. Философ, ғалым Амангелді Айталы: «Ұлы Отан соғысы тарихында аттары аңызға айналған қазақтың үш батыр қыздарының - Әлия,

Мәншүк, Хиуаздың орны бөлек» - деп жазды. Жаужүрек батыр апамыз соғыс басталған кезде елімізді фашистерден азат ету барысында үш жүзден аса әуе шайқасына қатысып, жауынгерлік ерліктері үшін «қанатты қыз» атанған. 2004 жылы 16 Желтоқсан - Тәуелсіздік күні қарсаңында Хиуаз Доспановаға Елбасының Жарлығымен «Халық Қаһарманы» атағы беріліп, Алтын Жұлдыз және «Отан» ордені кеудесіне тағылды. [4]

Мәншүк Маметова Жиенғалиқызы-1922 жылы қазіргі Батыс Қазақстан облысының Бөкей орда ауданында туған. 1944 жылдың 1 наурызында КССР Жоғары Кеңес Президиумының жарлығымен аға сержант Мәншүк Маметова Жиенғалиқызына қаза тапқаннан кейін Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Әлия Молдағұлова Нұрмұхамедқызы (1924-1944) – 54 - ші жеке атқыштар бригадасының снайпері, ефрейтор, Кеңес Одағының батыры. Новосокольники темір жол стансасы маңында болған ұрыста Ә.Молдағұлова жауынгерлерді шешуші шайқасқа бастап, қаһармандықпен қаза тапты.

«Шындық әрқашан женеді, бірақ кешігіп жүреді», - деп Бауыржан Момышұлы айтқандай, ақыры кеш те болса әділдік орын алды. Р.Қошқарбаевқа Рейхстагқа ту тіккен күнінен аттай 54 жыл өткен соң ғана, 1999 жылдың 7 мамырында «Халық қаһарманы» атағы берілді.

Міне, осындай батыр аға-апаларымыздың бейнесінен Отанға деген патриоттық сезімдері өте жоғары болғанын көреміз. Бауыржан Момышұлы «патриотизм» деген ұғымды: «Патриотизм мен Отанды сүйемін, ол үшін жанымды беремін деген бос сөз емес. Менің өмірден тоқығаным, Отанға сүйіспеншілік ата-анаңа, бауырларыңа туып-өскен аулыңа, қалаңа өз ұлтыңа деген махаббаттан басталады. Ата-анасың сыйлайтын ұл-қыз сабақты да жақсы оқиды, тәртіпті, еңбеккер адал болып өседі. Бұл-өте қажетті қасиеттер. Өз ауылының тасын қадірлемеген, басқа ауылдың тауын да сыйлай алмайды. Халықтар арасындағы қасиетті достық осы сезімнен басталады», - деп түйіндейді.

Сонау ел басына күн туып, ер етігімен су кешкен қаһарлы кезеңде еліміздің ертеңі, халқымыздың келешегі үшін Отанын қорғауға аттанып, елге жеңіспен оралған ардагерлеріміздің қатары жыл сайын сиреп келеді. Әр адамға сүйікті Отанынан, туған жерінен қымбат еш нәрсе жоқ. Батыр бабаларымыз ұлан-байтақ жерімізді, азаттығымызды ғасырлар бойы соңғы демдері біткенше қорғап өтті. «Ешкім де, еш нәрсе де ұмытылмайды» дегендей, ол ерлердің есімдері ешқашан ұмытылмақ емес. Уақыт көші зымырап өткен сайын ол күндердің даңқы өшпейді. Сұрапыл жылдар біздерден алыстаған сайын, «асқар таулар алыстаған сайын биіктей түседі» дегендей, отты жылдардағы ұмытылмас ерлікті қастерлейміз. Өйткені майдан жолдарында қалған, қыршынынан қиылған боздақтар аруағы, әкелер рухы бізден осыны талап етеді.

Туған халқымыздың өткен тарихына көз жіберсек, ерекше ізгі қасиеттермен қатар отан сүйгіштіктің де керемет үлгілерін көреміз. Бүгінгі күні егеменді ел болып, қазақ деген ұлт болып отыруымыздың өзі ата-бабаларымыздың теңдесі жоқ ерлігінің арқасы.

Бүгінгі таңда еліміз егеменді, тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасып, дамып келеді. Тәуелсіздік оңай жолмен келген жоқ, мұнда елін, жерін жаудан қорғай білген, қиын-қыстау заманда тер төккен аға ұрпақтың еңбегі барын ұмытпауымыз керек.

#### Әдебиеттер:

1. Дуралиева Б.Ж. Педагогические особенности патриотического воспитания студентов в ВУЗЕ во внеучебной деятельности // «Білім беру үдерісі жағдайында толеранттылықты қалыптастыру: мәселелері және болашағы» атты халықаралық ғылыми тәжірибелік конференция материалдары 21 қаңтар 2013ж. – 204 б.

2. Қозыбаев М.К. Қазақстан-арсенал фронты. Алма-Ата. 1970. - стр.

3. Хайдаров Е.Е. Қазақстанның Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ролі // «Х.Доспанова – қазақтың тұңғыш ұшқыш қызы» атты республикалық ғылыми - тәжірибелік конференция материалдары 4 мамыр 2012ж. -96 б.

4. Ақтаев С. Қаһарман Хиуаз//Ақиқат. - 2005. – №3 -10 б.